Шынықтыру шараларын өткізу.

Қимылды ойындар.

Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).

Спорттық жаттығулар:

Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату.

Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. (спорт залда немесе алаңқайда)

Дербес қимыл белсенділігі.

Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.

Сөйлеуді дамыту	1 .Аю тұршы!Ояншы! 2 .Қуыршақ Дананы Наурыз мерекесінің дастарханына шақырайық Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. Сөздік қорды қалыптастыру. ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен атау дағдыларын дамыту Тілдің грамматикалық құрылымы Сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіруді үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беруге ынталандыру.
Көркем әдебиет	1. Қоянның үйшігі 2. М.Жумабаевтің «Бесік жыры» өлеңі Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу және бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдауын дамыту.
Сенсорика	1. Қуыршақ Дананың киімі 2. Әдемі кілем Берілген заттардың 3-2 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыруды заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауды. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.
Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.

Қоршаған ортамен таныстыру	1.Көкте шақырады 2. Бұлақ 3. Шәйнек 4 .Асатаяқ Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, әр баланы басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға) Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін таныстыру. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.
Сурет салу	1. Әжеге алқа 2.Бұлақтар 3 .Бауырсақтар 4. Сүлгіні безендірейік Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмғасаусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыруға ынталандыру.
Мүсіндеу	Мүсіндеуде қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат), және басқа заттардың ұқсастықтарын таба білуді үйрету.
Жапсыру	1 . Алаша Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу) үйрету. Бейнелерді (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелегенбөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.
Музыка	Музыка тыңдау: Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Ән айту: әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.

Білім беру ұйымы : «Әсел» бөбекжай-бақшасы

Топ: «Қошақан» кіші топ

Балалардың жасы: 2 жастағы балалар

Тәрбиеші: Жарасбаева М. Утешова Ж.

Жоспардың құрылу кезеңі: Сәуір айы 2024-2025жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	1. Ғарышқа алыс самғайық 2. Ғарыш әлемінде 3. Ғарыш шегіне жетейік 4. Еңбектейміз ерінбей 5. Еңбек түбі-берек 6. Еңбек етсең емерсің 7. Егейік көктем ағашын 8. Еңбегіне қарай өнбегі 9. Еңбек ептілікті сүйеді 10. Дөп-дөңгелек шаңырақ 11. Допты лақтыру техникасы 12. Допты лақтыру техникасы Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бұғу және ашу. Алға және екі жаққа еңкею.Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұғу және жазу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу Негізгі қимылдар: бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу; шашырап, 30-20 секунд бойына тоқтамай жүгіру Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 30 x 30 сантиметр модульге өрмелеу. Түрлі заттардың астынан 0,3-1,3 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату.

Еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттапсекіруге үйрету.

Мәдени-гигиеналық дағдылар.

Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен кұрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру.

Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою.

Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру:

нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру.

Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың тазаауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу.

Шынықтыру шараларын өткізу.

Қимылды ойындар.

Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру).

Спорттық жаттығулар:

Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлдібасқаруға үйрету.

Дербес қимыл белсенділігі.

Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.

Сөйлеуді дамыту	1. Саяхатшылар әні 2 .Көктем келді Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. еліктеу сөздерін, сөздердіжәне қарапайым сөз тіркестерін (2-2 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету Сөздік қорды қалыптастыру.заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы Сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. Байланыстырып сөйлеу. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.
Көркем әдебиет	1. Құлыншақ 2 .«Түлкі мен қоян ертегісі Оқып беруде ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдауын дамыту. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылыпайтуға мүмкіндік беру.
Сенсорика	1 .Ғарыштағы бояулар 2. Пойызбен саяхат Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқаумен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Берілген заттардың 3-2 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауын пысықтау.
Құрастыру	Табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинауды. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қоюын қалыптастыру.
Қоршаған ортамен таныстыру	1 .Ұшақ

	2. Жылқы мн құлын 3 .Аққайың 4 .Ауаның қасиеті Үй құстарын (тауық, қаз, үйрек), Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, , тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасауды ұйымдастыру.
Сурет салу	1 . Жұлдыздар 2. Құлыншаққа шарбақ 3 .Жасыл желек 4. Әуедегі шарлар Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білуді, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеуді, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салуды дамыту.
Мүсіндеу	1 . Сақина Сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдетуді, кесектерді біріктіруді мүсіндеуге арналған материалдарды қолдануды жетілдіру
Жапсыру	1. Алқаны жинайық Бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, шарларды, гүлдерді, қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру дағдыларын пысықтау.
Музыка	Музыка тыңдау: Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. Ән айту: Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуғаын таландыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.

Білім беру ұйымы : «Әсел» бөбекжай-бақшасы
Топ: «Қошақан» кіші топ
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
Тәрбиеші: Жарасбаева М. Утешова Ж.
Жоспардың құрылу кезеңі: Мамыр айы 2024-2025 жыл

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	1. Солдаттармыз саптағы 2. Біз жас ұланбыз 3. Біз Отан қорғаушылармыз 4. Бақ-бақ гүлі әлемінде 5. Бақ-бақ гүлін бірге үрлейік 6. Көк машина 7 . Допты қақпаға дәлдейміз 8. Допты қақпаға дәлдейміз 9. Мергендікті шыңдаймыз 10. Шынығамыз жазда 11. Көпіршіктер жасаймыз 12. Жазда жылдам өсеміз Жалпы дамытушы жаттығулар Қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптанбұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта) Қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; Негізгі қимылдар: сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура жүгіру. аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,3–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне домалату

	доғаның астымен (биіктігі 20 сантиметр) еңбектеу. 13-20 сантиметр биіктіктен секіру саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Қимылды ойындар Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Қимылды ойындарды ойнату. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.
Сөйлеуді дамыту	1. Аспаптар қалай дыбыстайды

	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айтуды меңгерту. Сөздік қор. тұсау кесу дәстүріне байланысты сөз тіркестерін меңгерту Тілдің грамматикалық құрылымы. Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды және зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануды үйрету. Байланыстырып сөйлеу. таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.
Көркем әдебиет	1. «Үш аю» ертегісі 2. «Үш торай» Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу
Сенсорика	1. Қорапшадағы мерекелік кәмпіттер 2. Кемпірқосақ Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.
Қоршаған ортамен таныстыру	1. Қызғалдақ 2. Ешкі мен лақ Бала, оның отбасы, үйі. Жақындарына қамқорлық танытуға баулу. Заттық әлем. заттардың атқаратын қызметтерін түсінуін меңгерту Көлік, байланыс құралдары. жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру Еңбекке баулу.

	Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамытуды жетілдіру Менің Отаным – Қазақстан. Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету. Өсімдіктер әлемі. кейбір көгөністер мен жемістердің түрін тану және атау, қарапайым түсініктерді қалыптастыру пысықтау. Жануарлар әлемі. Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.
Құрастыру	1. Құрылысшы 2. Зәулім үй. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру дағдыларын пысықтау.
Сурет салу	1. Гүлдер 2. Көліктер 3. Түрлі – түсті шарлар 4. Жемістер 5. Көкөністер 6. Алмұрт 4. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды пысықтау. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер менолардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды дамыту. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.
Мүсіндеу	1. Тұмар 2. Білезік

	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіруді. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.
Жапсыру	1. Пішіндер Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасауды үйрету.
Музыка	Музыка тыңдау Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ән айту. Ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлофон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанды ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.



«Бекітемін»
Әсет бобекжай-бақшасы
МЖСК-ның меңгерушісінің м.а.
А.О.Султанбекова

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары
және оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде
2024-2025 оқу жылына арналған
тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы
«Қошақан» кіші топ**

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы 2024 жыл 1 апта

Білім беру ұйымы : «Әсел» бөбекжай- бақшасы
Топ: «Қошақан» кіші топ
Балалардың жасы: 2 жастағы балалар
Тәрбиеші: Жарасбаева М. Утешова Ж.
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2024-2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 02.09.2024ж	Сейсенбі 03.09.2024ж	Сәрсенбі 04.09.2024ж	Бейсенбі 05.09.2024ж	Жұма 06.09.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағдылар.	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру. Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағдылар.	«Ерке сылқым»күйінің сүйемелдеуімен қарсы алу Ұлттық құндылық.	Қазақ күйімен көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу Ұлттық құндылық.	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік дағдылар.
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау	«Не өзгерді?» Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып қойып балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан	«Қызықты ойыншықтар» Міндеті: достыққа баулу, сөйлеу тілін дамыту Коммуникативтік дағдылар.	«Сикырлы сандық» Міндеті : Сөйлеу тілін дамыту сандықтан алған ойыншықтың атын, қасиетін айту керек Коммуникативтік	«Танып атын ата» суретті кітапшалармен жұмыс Міндеті: тануға және көрсетуге дағдыландыру Қоршаған ортамен таныстыру.	Зерттеу жұмысы Құмның суға еруін көрсету,бақылату Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет.

және тағы басқа әрекеттер)	біреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады. Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет.		дағдылар.		
Таңертенгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жемдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану. Қоршаған ортамен танысу.	қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру, заттардың атын, түсін атау Сенсорика	Ертегі, әңгіме кейіпкерлеріне, оқиғаларға жанашырлық білдіруге үйрету Көркем әдебиет	Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, тбасы мүшелерінің аттарын атау. Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, оны ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру. Қоршаған ортамен танысу.	жеке жиһаз заттарын түрлі нұсқада құрастыру, бірден екі-үш құрылысты тұрғызу (үстел және орындық, үстел және диван), құрылыстық қасиетін ескере отырып, материалды таңдау. Құрастыру.

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру ЖДЖ: Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму. Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары: 1. Екі қолмен 1-1,25 м арақашықтықтағы (көлденең) нысанаға (кеуде тұсынан, төменнен, жоғарыдан) лақтыру. Ойын: «Сылдырмақпен әуенді жалғастыр» ойынын ойнау. Қорытынды: «Кім	Музыка Музыка тыңдау «Құлыншақ» муз. Қ Шілдебаев. Сөзі. И Сапарбай. 3. Ән айту «Мерекелік ән мен би» Әннің мәтінін үйрету. 4. Музыкалық-ырғақты қимыл: Яғни оңға, солға бұлғауға болады. Әннің шумағын үйреніп болған соң жалаушалармен жаттығу жасату. Жалаушалармен жаттығу. 1. Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру. 2. Қолды жоғары көтеріп денені оңға, солға иілту. 3. Жалаушаны жоғары көтеріп орындарында тұрып айналу. 4. Жалаушаны ұстап жүру	Дене шынықтыру шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру ЖДЖ: Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму. Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары: 1. Жиектері шектелген тура жолақпен (ені 20-25 см, ұзындығы 2-2,5 м) жүру. 2. Ойын: «Доптарды себетке жинау» ойынын ойнау. Қорытынды: «Құстар		Дене шынықтыру Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Еденде жатқан жолдың бойымен тура бағытта топпен жүру. Нысанаға дейін тура жолдың бойымен (ені 25-30 см, ұзындығы 2–3 м) жүру, ересектің көмегімен гимнастикалық тақтай бойымен (ені 25-30 см) жүру, ересектің көмегімен модульге (биіктігі 10–15 см) шығуға және одан түсуге үйрету, еденде жатқан лентадан (арқаннан) аттап өту
---	---	--	--	--	--

	жоқ?» аз қимылды ойын		қанат қағады» тыныс алу жаттығуы.		
	«Балалар, біз таңертең балабақшаға келеміз», – дей отырып, балабақшаны суреттен таныстыру. Қоршаған ортамен танысу – Балабақшамыз үлкен, әдемі, ауласы кең. Балалар, біз қазір топ бөлмесінде тұрмыз, (бөлме заттарының көлемі, пішіні түсімен таныстыру) Сенсорика Мынау – орындық, мынау – терезе, үстел, мынау – ойыншықтар тұратын жиһаз, онда ойыншықты жинайсыңдар, топта тағы да бөлмелер бар. Мынау – шешінетін бөлме, онда шешінесіңдер, мұнда шешінетін шкафтар тұрады. Ас бөлмесінде ыдыстар тұрады. Ол ыдыстармен тамақ ішесіңдер. Мынау – ұйықтайтын бөлме, онда сендер жататын кереуеттер тұрады, онда ұйықтайсыңдар. Тобымыз үлкен, әрі	– Сенің қандай ойыншығың бар? Әр баланың жауабы тыңдалады. – Ойыншықтарыңды жақсы көресің бе? Балалардың жауаптары тыңдалады. – Ойыншығың қандай? (Үлкен, кішкентай). Сенсорика – Сен ойыншықтармен ойнап болған соң, орнына жинайсың ба? – Ойыншықтардың тұратын жерін білесің бе? Ойыншықтарды лақтырмай, сындырмай, ұқыпты ойнау керектігін айтады. Сөйлеуді дамыту, Қоршаған ортамен таныстыру «Сиқырлы сандық». – Кәне, сандықта не бар екен? – Қонжық, машина, доп бар екен. – Енді осы	Күздің бізге берер қандай сыйы бар? – Қандай жемістерді білесіңдер? (Алма, шие, өрік) – Ал енді, балалар, мен сендерге жемістер туралы өлеңдер оқып берейін.. Нарттай қызыл алмам бар, Мәз болады алғандар. Жазда әдемі киінем, Тілді балдай үйірем. Алма қандай? түсі? Пішіні? Сенсорика, Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет	"Алма жинау" (муляждар). Мақсаты: Алмаларды кілемнің үстіне шашып жіберіп, түстеріне қарай бөлек себеттерге жинату. Түсін атау. Сенсорика Алма, алма, көп алма, Қызыл, сары, көк алма. Теріп, теріп алайық, Себеттерге салайық. Көркем әдебиет  Педагог үлестірмелі материалға назар аударады. Балаларға банканы көрсетіп, жемістерден сусын жасауды ұсынады. Магниттік тақтада суреті салынған банкаға дайын пішіндерді (алма, алмұрт) салып көрсетеді. – Алма қандай түсті? – Алмұрт қандай түсті? – Алма мен алмұрттан сусын қайнаттық, банканы	«Менің қолымдағы қапты көріп тұрсыңдар. Ол жай қап емес, ғажайып қапшық. Қолдарыңды салып, ілінген затты алып шығыңдар». Балалар қолдарын қапқа салып, қолына түскен затты (үлгіні) алып шығады және атауын атап береді. Қоршаған ортамен таныстыру, Сөйлеуді дамыту. Ойындық жағдаят. Балаларға қонаққа құлыншақ келеді. Ол балаларға өзімен бірге түрлі түсті жолақшаларды сыйлыққа ала келіпті. Жол сал» дидактикалық ойыны. Педагог балаларға құлыншаққа арнап түрлі түсті жолақшалардан (қызыл және көк) жол салуларын ұсынады. Балалармен жеке

	жарық. Балалар топқа қызыға қарайды. Балалардың көңілін орамалға аударады. «Орамал кімнің бетін жасырып тұр?», – деп, бір баланың бетіне бір сәтке жабады. Орамалды қайта ашып: «Бұл кім болды екен?» деген сұрақ қояды. Осылай әр баламен ойнайды. Әрқайсысына өз есімдерін айтқызады. Сөйлеуді дамыту	ойыншықтарға әңгіме құрайық. Әңгіме құрауға көмектеседі. Қонжық, мәшине, доп туралы түсіндіреді. – Менің ойыншық қонжығым бар. Қонжықтың екі құлағы, төрт аяғы бар. Қонжығым өте сүйкімді Көркем әдебиет		қақпақпен жауып тастаймыз. Жапсыру, құрастыру	жұмыс жүргізеді. Сенсорика, Көркем әдебиет
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Бақылау: Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. Мысалы; Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау. Жеке жұмыс: Ал керемет	Бақылау: Бұлтты бақылау. Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін: шарпы, будақ, қабатты бұлттарды ажырату. Еңбек: Ауладағы гүлдерді суару. Мақсаты: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су	Бақылау: Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау. Мақсаты: Күзде тырналардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. Еңбек: Құстарға жем сауыт жасау. Мақсаты: Құстарға қамқорлық қарауға, аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Сап - сары боп келе жатқан,	Бақылау: Желді бақылау. Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру; салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел. Желдің күштілігі ауа - райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. Еңбек: «Әдемі гүлдер» Мақсаты: Гүлзардағы гүлдерді суару. Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. Жеке жұмыс: Тақпақ. «Жел» Мақсаты: Балаларға жел туралы өлең жаттату	Балалармен жеке жұмыс: «Күзгі жапырақтар» туралы оқу (Қ. Шарғытбаев) Алтын, сары, қызыл, көк Алуан- алуан жапырақ Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Еңбек: Учаскедегі күзгі жапырақтарды бір жерге жинау. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс – әрекеттері. Қимылды ойындар:

	бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл - көсір су не деген? (Жаңбыр) Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. Қимылдық ойын: «Сұр қоян» Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Сазбалшықтан « қала» құрастырайық. 2. « Тәтті тоқаштар» пісірейік.	болып. (Бұлт) Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау. Ойлау қабілетін арттыру. Қимылдық ойын: «Соқыр теке» Дербес ойындар: 1. Өткеншек тебу. 2. Тартылғышқа тартылу.	Сезді мекен күзді олар. Қарлығаштар ұшып кетті, Ұшып кетті тырналар. Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын молайтып, тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру. Қимылдық ойын: «Аттамақ» Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Сазбалшықтан «қала» құрастырайық. 2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік	арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у - у - у. Құйын келіп билейді зу - зу - зу Қатты - қатты жел соқты гу - гу - гу, Жапырақтар қол соқты ду - ду - ду. Қимылдық ойын: «Орамал тастау»	«Жапырақ жинау» Бақылау: Күзгі ағаштардың жапырақтарының түстерін бақылау. Мақсаты: Күзгі жапырақтар туралы әңгімелер айту, олардың түстерін айтқызу
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<i>Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)</i> Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-				

	өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	 «Біздің балалар қайда екен?» дидактикалық ойыны. Үлестірмелі материалда берілген сурет бойынша балалардың қайда тығылып отырғанын тапқызу. – Асқар үстелдің астында тығылып жатыр. – Марат үлкен ойыншық қонжықтың артында отыр. Көркем әдебиет Балабақшаға жол Конструктордан құрастыру. Құрастыру Ермексаздан доп жасау. Мүсіндеу. – Үш саусағымызбен қарындашты ұстап солдан оңға және жоғарыдан төмен қарай сызықтар саламыз. Сурет салу кезінде қарындашты	Көк, қызыл, сары, жасыл текшелерді бірінің үстіне бірін қойып, мұнара құрастырады. Балалар мұнараның жоғарғы бөлігіне әтешті немесе тандап алған ұсақ ойыншықтарын орналастырып ойнау, Құрастыру Шығармашылық еркін іс әрекеттер. Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу.	 Алманың бейнесін құрастыру, пазл. Құрастыру. Қарындашпен алманы түсіне қарай бояу.  Сурет салу  ермексаздан жасап, қағазға орналастыру. Мүсіндеу, жапсыру	Балаларды «Батады – Батпайды» тақырыбында тәжірибе жасап көруге шақырады. Балалар құрғақ жапырақтарды суға салады. Нақтылайды: олардың көлемдері әртүрлі. Құрғақ, жеңіл, үлкен, кіші т.б. Экологиялық мәдениет, Қоршаған ортамен таныстыру	жұмыстың орындалу бірізділігімен ойыншықтарға дәл сондай отырғыш құрастыруларын сұрайды. Текшелерді, тақтайшаларды және кірпіштерді көрсетіп, оларды атайды. Кейін өз қызметін түсінік берумен жалғастырады: – Алдымен екі текшені қояйық, ал олардың үстіне тақтайшаны қояйық. Міне, ұзын отырғыш дайын болды. Отырғышта отыру ыңғайлы болуы үшін, арқасы бар отырғыш құрастыруға болады. Текшелерді

	қатты басуға болмайды. Солдан оңға қарай және жоғарыдан төмен қарай бірнеше түзу сызықтар салады. –Қандай әдемі түстер! Қандай қарындаштың іздері екенін кім айтады? Сурет салу Балаларға пирамиданы түрлі түсті пішіндердің ұзын-қысқасына қарай магнитті тақтайға қалай орналастыруды көрсету. Жапсыру				қояйық, үстіне тақтайшаны қояйық, ал кірпіштерден арқасын жасаймыз. Бекіту үшін балаларға сұрақ қояды: – Отырғышты неден құрастырамыз? – Қандай отырғыш? Құрастыру орындықты ермексиздан қағазға орналастыру, Жапсыру,мүсіндеу
Балалармен жеке жұмыс	жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру.	топтағы заттарды қолдануды үйрету. Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру.	фланелеграфқа мысық пен күшікті топтастырып жапсыруды үйрету.	балаларға ауа райның ерекшеліктерін ажырата білуді үйрету. Жаңбыр, жел, күз сөздерін жаттату.	Балаларға байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қимылды ойын «Шарды ұста» Балалардың дербес әрекеті. Жеке балалармен тақпақты жаттау. Бала, бала, баламыз. Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа,	Серуенге ойыншық жануарларды алып шығу. Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру, дене бөліктерін (танауы, құйрығы, аяқтары) ажыратып және атау дағдысын дамыту, үйрету	Жапырақтар теру, құмыраға салу дағдысын дамыту Балалардың дербес әрекеті, еркін ойындары Қимылды ойын «Шарды ұста»	Қуыршақпен көңілді ән айтып, би билету. Өн айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айтуды қалыптастыру. (музыка)	Серуенде бірге жүріп табиғатты бақылауды үйрету. (Қоршаған ортамен таныстыру) Құрылыс материалдарынан өзіміз отыратын орындықтар құрастырып алайық

	Батамыз да қаламыз. (көркем әдебиет) Үш дөңгелекті велосипедке отырғызу, ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсу, ересектердің көмегімен және өзбетімен рөлді басқаруды үйрету	(Қоршаған ортамен таныстыру) Ағаштарды бақылау, жел тұрғанда жапырақтарының қимылына назар аударту. Қимылды ойын: «Өз үйінді тап»		Ауа райның ерекшеліктерін байқау. Жаңбыр, жел, күз сөздерін сөздік қорына қосу. (Сөйлеуді дамыту) Балалардың дербес әрекеті. Қимылды ойын: Поезд	деп құрастыру әдістерін үйрету (Құрастыру) Балалардың дербес әрекеті. Қимылды ойын: «Өз орындығыңды тап»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес үйде ойын бұрышын ұйымдастыру.	Психолог кеңесі. (Жеке балаларға)	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес: Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы.	Жобаны таныстыру: «Аналар мектебі» жобасымен таныстыру

Қыркүйек айы 2024 жыл 2 апта


Күн тәртібі	Дүйсенбі 09.09.2024ж	Сейсенбі 10.09.2024ж	Сәрсенбі 11.09.2024ж	Бейсенбі 12.09.2024ж	Жұма 13.09.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу, үйде немен айналысқанын, көңіл күйін сұрау. Сөйлеуді дамыту коммуникативтік дағды	Достарым әнімен қарсы алу. Достарына деген қарым-қатынасты нығайтуға тырысу. Сөйлеуді дамыту коммуникативтік дағды	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу. Көтеріңкі көңіл күй сыйлау, баланы жақын тарту. Сөйлеуді дамыту коммуникативтік дағды	Үш түрлі смайликпен қарсы алу. Жағымды атмосфера орнату. Сөйлеуді дамыту коммуникативтік дағды	Қонжықтың таңғы тілегімен қарсы алу. Жағымды атмосфера орнату. Сөйлеуді дамыту коммуникативтік дағды
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	 Екі баланы салыстыру Тазалық бұйымдарымен таныстыру сүлгі, сабын сөздерін қатыстырып, 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрауға үйрету. Коммуникативтік дағды	«Қуыршақты жуындырайық» Заттарды шығарып көрсетіп, аттарын балалардан сұрап, қайталату. (сабын, сүлгі, тарақ) Коммуникативтік дағды, іс-тәжірбие	«Сиқырлы қапшық» Шарты: Балалар қапшықтар ішіндегі үлкен- кіші моншақтарды саусақпен ұстап сезу арқылы ажыратады. Сенсорика	«Біздің үй» Шарты: Геометриялық пішіндер арқылы үй құрастырады.  Құрастыру	Досыма доп сыйлаймын Мақсаты: Балалар доп туралы түсіне бере отырып, дайын дөңгелек пішінді дұрыс бояуды үйренеді. Сурет салу, шығармашылық дағды
Таңертенгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде				

	киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың қалауы бойынша ойыншықтарды алып, шығу олармен еркін ойындарда баланың дербес әрекетін дамыту Қимылды ойын «Шарды ұста» Дене шынықтыру	Жеке балалармен тақпақты жаттау. Бала, бала, баламыз. Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа, Батамыз да қаламыз. көркем әдебиет	Мысықтың және күшіктің дауысын салу арқылы сөйлеу дағдысын жетілдіру. Сөйлеуді дамыту	Доппен ойындар. Жеке балалармен тақпақты жаттауды жетілдіру Бала, бала, баламыз. Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа, Батамыз да қаламыз. көркем әдебиет	Қимылды ойын: «Құстың қауырсыны кімге барады» Дене шынықтыру
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Саппен жүру. Балаларды сапқа тұрғызу, бір тізбекте саппен жүру, жүгіруге жаттықтыру. Әртүрлі қалыпта допты лақтыру ептілігін дамыту. Еңіс тақтайдың үстімен еңбектеуді қайталап бекіту. Шағын топпен бір-біріне кедергі жасамай жүруге; саптан шықпай, бағытты сақтай жүру; аяқты тізеден сәл бүгіп, секіріп, аяқты алшак, бірге ұстау дағдыларын бекіту.	Музыка Лақ» әні -Қанекей балалар әжемiзге лақ туралы ән айтып берейiк. Дидактикалық ойын: «Анасын тап» -Балалар берiлген суреттегi жануарлардың төлiн табу керек қане кiм жақсы табады екен	Дене шынықтыру Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Еденде жатқан жолдың бойымен тура бағытта топпен жүру. Нысанаға дейін тура жолдың бойымен (ені 25-30 см, ұзындығы 2–3 м) жүру, ересектің көмегімен гимнастикалық тақтай бойымен (ені 25-30 см) жүру, ересектің көмегімен модульге (биіктігі 10–15 см) шығуға және одан түсуге үйрету, еденде жатқан лентадан		Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою; табандарды бүгу (жазу), қатарында тұрған – отырған адамға қолындағы затты бере отырып, тұлғасын оңға-солға

Музыканың басталуын сезініп, музыкаға сәйкес жүруге баулу.		(арқаннан) аттап өту.		бұру, шалқасынан жатқан қалыпта қолдары мен аяқтарын бірдей қимылдатып, аяқтарын көтеру және түсіру, арқасынан бүйіріне, ішіне және кері қарай аударылу, алға, жан-жағына қарай еңкею.
ЖДЖ: Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму.				
